

Сәулетші

Сәулетші! Сәулет анасы – тарих, тарих айнасы – сәулет деген қағида бар. “Сәулет – таспен жазылған құдіретті музыка”, депті неміс ақыны. Осылардан сәулет өнерінің адам һәм қоғам өмірінде алатын маңызды орны көрініп-ақ тұр.

Әр халықтың өз дүниетанымына, өз болмысына сай, оның ұлттық ерекшеліктерін айшықтайтын сәулет өнері ежелден болған. Сонымен қатар, ол әр елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуы немесе құлдырауының да айқын айғағы. Бұларды біздер Афинадағы Парфенон тарихынан, Римдегі Колизей тарихынан, Новгород, Псков, Самарқанд, Бұхара тарихтарынан жақсы білеміз. Ертеде біздің де ұлттық болмысымызды көрсете білген Тараз, Құлан, Сауран, Отырар, Сарайшық, тағы басқа да қалаларымыз болды. Байтақ жерімізде қала мен дала өркениеті қатар дамығаны жылдан жылға, әсіресе, мына тәуелсіздік алған тұсымызда анық айқындалып келеді. Халқымыздың жадында “бес қаладан Сауранға, Саураннан Сайрамға, Сайрамнан Таразға дейін қозы тұяғы жерге тимей ойнақтап шауып өтеді” деген әсерлі теңеу қалған. Х ғасырда ғалым-энциклопедист әл-Бируни Амудария мен Сырдария өзендерінің аралығында 300-ге жуық қала орнықты деп жазған екен. Заманында Қазақ елінің жұлдызы жанып, дәурені жүріп тұрғанының бірден бір көрінісі еді олар. Дегенмен, заман өзгерді, ұлттық сәулет өнерінің үлгісі іспеттес бұл қалалар тарих тепкісіне шыдамай қирап, құлап, құм басып, ұзақ жылдар біздің жадымыздан кетті. Тіпті осы қалаларға сән берген сәулетшілер мен құрылысшылардың есімі де тарихымызда дұрыс сақталмаған.

Соңынан ұзақ жылдар көшпенділер өркениетін дамыттық, ұлттық сәулет өнеріміздің озық үлгісі деп киізден үй тұрғызып, оны дәстүрлі оюлармен безендірулерден шыға алмай жүрдік. “Қазақтың әлемдік өркениетке қосқан үш нәрсесі бар. Соның бірі – киіз үй”, дейтін Ғабит Мүсірепов. Көп ғасырлар бойы киіз үй біздің дала сәулет жәдігері болды. ХХ ғасырда еліміз отырықшылыққа көшіп, киіз үй де заман талабына сай келмей, барлық сән-салтанатымен артта қала берді.

Қазақ елінде көптеген қалалар бой көтеріп, сәулет өнеріне сұраныс пен талаптың күшеюі кеңес дәуірінен басталды десек, артық болмас. Сәулет өнерінің әртүрлі үлгілері өмірге келе бастады. Және де олар көбінесе осы дәуірдің орталығы, астанасы Мәскеуден ұсынылды. Дей тұрғанмен, осы тұста сәулет өнерінің өзімізге тән ұлттық үлгісі де қалыптаса бастады. Тарих сахнасына талай дархан тұлғалар шықты. Солардың бірі сәулет өнерінің көшбасшысы – Төлеу Бисенов. Оның осы саланың елімізде бастау алып, ұлттық болмысын қалыптастырудағы ерен еңбегін мамандар М.Әуезовтің әдебиеттегі, Ахмет Жұбановтың музыка өнеріндегі, Әбілхан Қастеевтің суретші ретіндегі ерліктерімен қатар қойды. Төкеңмен бірге тізе қосып, Қазақстанда сәулет өнерінің іргесін қалаушылардың бірі деп осы саладағы алғашқы профессор, талантты ғалым Малбағар Меңдіқұловтың есімі де құрметпен аталады. Ұлтымызға тән сәулетшілік өнеріміз болған, оның озық үлгілерін дамытуымыз керек деп ашық айтып, атсалысқан осы екі абзал ағаларымыздың еңбегі сол дәуірде онша қолдау таппады, тіпті өз бастары қуғынға ұшырады. Бірақ артында шәкірттері, ізбасарлары қалды. Олар өсірген сәулет сәйгүліктерінің бірі емес, бірегейі деп Әбдісағит Шаймұхамбетұлы Тәтіғұловты айтуға болады.

Әбдісағит Тәтіғұловтың Қазақстанда сәулет-құрылыс ісіне белсене араласқанына биыл жарты ғасырға жуық, ал атағы өзімізде ғана емес, басқа елдерге де тараған, осы саладағы шетел мамандары жақсы білетін “Казгор” жобалау академиясын үзбей басқарғанына 35 жыл болады екен. Осы ұзақ жылдарда талай көз тартар, көңіл сүйсінер сарайлар мен ғимараттар салған, қазақ ұлттық сәулет өнерін әлемдік деңгейге шығарып,

оны басқаларға көрсете алған, тынымсыз ғылыми ізденістерінің арқасында осы саланың тарихы мен теориясына дербес үлесін қосқан, жалпы еліміздегі сәулет өнерінің қайраткері және оның жетекші ұжымының басшысы ретінде жеке өзінің қолтаңбасы бар азамат.

Мен Әбекеңді ұзақ жылдар білемін. Туған жеріміз, өскен өлкеміз бір, бір заманда өстік. Әрқилы өткелдерден де бірге өтіп келе жатырмыз. Әбдісағиттың бабасы, Кенесарының сан жорықтағы сенімді серігі, үзеңгілесі Жәуке батырдың есімін Торғай өңірі үлкен құрметпен атайды. Есімі ел жадында сақталған. Жәуке батырдың ерен ерлігін айтып, ақын Нұрқан Ахметбековтің жырына алғаш қосқан менің әкемнің інісі Мұрат ағам еді. Атақты батыр бабаның ұрпағы өзіне тарта білді. Әбдісағиттың атасы Тәтіғұл қажы ел ағасы болған, мешіт салдырып, балаларды оқытқан. Кешегі Торғай даласында болған атақты дүбірде Тәтіғұл қажы ел намысы үшін ту көтеріп, балалары Нұрмұханбет те, Шаймұхамбет те (Әбдісағиттың әкесі) әкелерімен бірге болған. Сол үшін қажы балаларының екеуі де Кеңес өкіметі тарапынан қуғын көріп, туған жерін, қыстауын тастап, басқа өңірге кетуге мәжбүр болған. Сол басқа өңірде дүниеге келген Әбдісағит ата мен әкенің басына түскен қиындықты солармен бірге атқарды, сол дүрбелең кезеңнің ыстығы мен суығын қатар көре жүріп бой түзеді, азаматтық тұлғасы қалыптасты. Ұлттық сәулет өнерін дұрыс қалыптастыру үшін ең алдымен ел тағдырын, ұлт намысын ойлайтын мамандар, азаматтар керек дейміз. Міне, осындай азаматымыз – Әбдісағит Тәтіғұлов. Ал енді оның ұлтжандылығы атасы көтерген түмен, әке өнегесімен, ана сүтімен қалыптасқан деуімізге жоғарыда айтқандарымыз негіз бола алады.

Әбекеңнің сәулетші өнерін таңдауына туған елінің тылсым сырының әсері болды деуімізге болады. Сонау Ұлытаудан бастау алып құрдымға кеткенше өзекті елдің өміріне мән мен сән сыйлап келе жатқан қасиетті Торғай өзенінің қос жағалауында тарихи, мәдени ескерткіштердің ансамблі қоныс тепкен дерсің. XVIII-XIX ғасырларда күйдірілген қызыл кірпіштен өрілген еңселі ғимараттар сан ғасырлық оқиғалардың куәсі іспетті алыстан қол бұлғайды. Олардың біразы республиканың тарихи-мәдени ескерткіштерінің тізбесіне алынған. Бала Әбдісағит олар туралы аңыз әңгімелерді естіп өссе, есейе келе оларды өзінің зерттеу нысанасы етті.

XX ғасырдың ұлы архитекторы Ле Корбюзьені барша әлем біледі. Сол айтқан екен: “Сәулетші сезімтал, әрі өнердің тәжірибелі білімпазы болуы керек. Ол тек қана инженер, құрылысшы емес, дәрігер, психолог және міндетті түрде ақын болуға тиіс”. Осы қасиеттердің бәрі болмаса да, дені Әбдісағитта бар. Ерекше сезімталдығына оның жобасымен салынған сұлу ғимараттар куә. Майталман инженер, тәжірибелі құрылысшы екенін баршамыз мойындап, осы саладағы елеулі жобаларды іске асыру үшін басшы да, қосшы да оның ақыл-кеңесіне құлақ түреді. Ақындығы тағы бар. Сөйтіп, Ле Корбюзье айтқандай, Әбекең де сәулет өнерінің қадірін, қасиетін жан дүниесімен түсінетін сегіз қырлы, бір сырлы азамат.

Әбекеңнің тікелей басшылығымен “Казгор” жобалау академиясы Алматыдағы Республика сарайының, 25 қабатты “Қазақстан” қонақ үйінің, стадионның, “Алатау” санаторийінің, тағы да басқа аты әйгілі ғимараттардың жобасын ұсынды. Олар ұсынған Қазақстан Сәулетшілер одағының Гран-при жүлдесі мен алтын медалін алған осы қаладағы “Нұрлы тау” көпфункционалды кешенінің жобасы іске асып отыр. Түрік ағайындар “Анкара” қонақ үйін салғанда Әбекең өзінің әріптесі, талантты архитектор Тоқтар Ералиевпен бірге осы құрылысқа жетекшілік етіп еді. 40 жылдан артық Әбекең мен ол басқарған академия Алматы қаласындағы барлық сәулетті ғимараттардың жобасын жасауға белсене араласты. Сондықтан да баршамыз мақтан ететін әсем қаламыз Алматы келісті келбеті үшін Әбекең мен ол басқарған жобалау академиясына бірден-бір қарыздар десек, қателеспеспіз.

Қазақстан сәулетшілерінің үлкен шеберлік танытатын және өз істеріне үлкен жауапкершілік артатын тұсы – Астана қаласының сәулет-құрылыс жұмыстарының жобалары. “Астана алдымен қазақ рухына сай келетіндей, экологиялық таза, әлеуметтік мәселелері оңтайлы шешілген қала болып көркеюі керек. Қазақстанды әсем әрі ұлттық сипаттағы ғи-

мараттарымыз бар ел ретінде әлемге танытқымыз келсе, бар күшімізді Астана ғимараттарының сұлу жобаларына жұмсауымыз керек. Архитектуралық шығармалар тек практикалық мақсаттар үшін емес, қоршаған ортаның эстетикасын қалыптастыратын, қоғамның белгілі бір идеялық мақсат-мұратын, эстетикалық мұқтажын бейнелі түрде баяндау керектігін де естен шығармауымыз керек”, дейді Әбекең.

Осы тұрғыдан өзі де, ол басқарған академия да Астанадағы жаңа құрылыстардың көркемдігіне атсалысуда. Қаламыздағы “Нұрсая”, “Триумфальный” тұрғын үй кешендерінің, Әзірет Сұлтан мешітінің, Хан Кене мүсінінің жобаларында Әбекеңнің қолтаңбасы бар.

“Казгор” жобалау академиясын Әбдісағит Тәтіғұловтың 35 жыл үзбей басқарып келе жатқанын жоғарыда айттық. Осы жылдары “Казгор” қатардағы жобалау институтынан академия дәрежесіне, өз саласында еліміздегі жетекші кәсіпорын дәрежесіне көтеріле білді. Кешегі заман өзгеріп, егемендіктің алғашқы жылдарында осы сияқты ұжымдар күнін көре алмай, жаппай жабылып жатқанда, “Казгор” өз мамандарын, өз қалпын сақтап қала алды. Ал бүгін бұл әлемге аты әйгілі Жобалау академиясы. Әбекеңмен ұзақ жылдар қызметтес болған әріптестері оның басшыға тән үш айтарлықтай қасиетін айтады. Біріншіден, ол мықты инженер және ұйымдастырушы ретінде маңайына дарынды адамдарды топтастыра білді. Екіншіден, осы ұжымның басты іс-бағыттарын анықтап, оның заман талабына сай болуын қамтамасыз етті. Үшіншіден, ұжым мүшелеріне адал болды, олардың еңбегін бағалай білді. Басшыларының осындай ізгіліктеріне көзі жеткен ұжым жыл санап істеген істің, ұсынған құрылыс жобаларының сапасын арттыра берді.

Аталмыш академия нарық заманында талай сынақтардан абыройлы өтіп келеді. Нарық талабына сәйкес өзінің ішкі құрылымын күрделі түрде қайта жасады. Жаңа құрылыс материалдары және ақпараттық технологияның өмірге келуіне байланысты жобалау тәсілдері жаңарды. Осы саладағы әлемнің озық үлгілері мен жобалау стандарттары енгізілді. Демократиялық үрдістер де орын алып, академия өз президентін баламалы түрде бірнеше рет қайта сайлады. Бүгін осы академия дарынды сәулетші, осы саланың нөқта ағасы Шота Ыдырысұлы Уәлихан айтқандай, архитекторлар мен инженерлердің “Ару ана” (Альма-матер) дәрежесіне көтеріліп, өз жанынан бөліп, келешегі мол отаулар тігіп жатыр.

“Казгор” жобалау академиясының ізгілікті істері еленбей қалған емес. Сонау кеңес дәуірінде бүкілодақтық социалистік жарыстың бас бәйгесін он бес рет жеңіп алған екен. Егемендік алған тұсымызда академия Қазақстан Президентінің “Алтын сапа” белгісімен марапатталды. Академия президентінің де еңбегі жоғары бағаланып отыр. Ол Қазақстанның құрметті құрылысшысы, құрметті инженері, мәдениет қайраткері атақтарының иегері, сан рет орден-медальдармен де марапатталған, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Біздің дәуірімізге дейінгі бірінші ғасырда өмір сүрген сәулетші Марк Витрувий Поллион: “Түрлі саланың қатысуымен пайда болған жұмыстардың да ең соңында сәулетшінің көзінен өтетіндігі тегіннен болмаса керек. Сәулетші ғылымды қабылдай алатындай табиғатынан талантты адам болуы керек”, деген екен. Өзінің нәзік эстетикалық сезімімен, асқан талантымен, осы саладағы табанды ғылыми ізденістерімен ел есімінде қалған сәулетшілер аз емес. Осы тұрғыдан жоғарыда аталған Марк Витрувий Поллионның өзін, XV ғасырда өмір сүрген сәулетші Леон Батиста Альбертиді, XVI ғасырдың перзенті сәулетші Андрео Палладионы, біздің сәулет өнерінің бастауында тұрған Малбағар Меңдіқұловты, олардың артына қалдырған ғылыми еңбектерін айтуға болады.

Осылардың, осы саладағы басқа да ғалымдардың іргелі ізденістерін жалғастырып, оған өзінің дербес үлесін қосып келе жатқан дарынды ғалым Әбдісағит Тәтіғұлов. Оның қаламынан 200-ден астам ғылыми еңбектер, мақалалар жарық көрген екен. Ол ғылым кандидаты, профессор. Мәскеудегі халықаралық сәулетшілер академиясының академигі. 2001 жылы “Архитектура және жобалау негіздері” атты Әбекең басшылық еткен ғылыми еңбек

жарияланды. “Сәулетші – 2001” атты халықаралық сәулетшілер фестивалінде осы еңбек сәулет өнері туралы жазылған ең маңызды еңбек ретінде танылып, Ә.Тәтіғұлов Архитекторлар одағының халықаралық ассоциациясының I дәрежелі дипломымен марапатталды. 2005 жылы осы еңбектің алғашқы екі томына тағы екі том қосылды. Сөйтіп, бұл еңбек энциклопедия дәрежесіне көтерілді. Әбекеңнің “Сәулет конструкцияларының негізі және азаматтық ғимараттарды жобалау” атты монографиясы осы салада білім алып жатқан жастар үшін маңызды оқу құралы болып табылады. Басқа да оншақты монографияларының сапасы жоғары, маңызы терең дейді осы саланың мамандары. Көпшілік, әсіресе мамандар, олардың назарын аударған жобалары арқылы, табанды ғылыми ізденістерінің нәтижесінде Тәтіғұлов есімі әлем елдеріне таныла бастады. Талантты инженер, дарынды сәулетші ретінде талай халықаралық конгрестерге қатысып, мінбеден өзінің ғылыми жаңалықтарын жария етті. АҚШ, Швейцария, Италия, Германия, Канада, Ресей, Қытай, Түркия, Англия, Корея елдерінде, басқа елдерде өткен халықаралық сәулетшілер конгресінің тұрақты мүшесі. Архитекторлар одағының халықаралық ассоциациясының Гран-при жүлдесі мен алтын медалінің бір емес, бірнеше мәрте иегері. Ол басқарған академия әлемдегі ең танымал жобалау компанияларымен, мысалы АҚШ-тағы “Som”, “LERA”, “Ramse”, ағылшындардағы “Foster+Partners”, “Buro Happold”, “Arup” Оңтүстік Кореядағы “Space Group”, тағы басқаларымен қоян-қолтық жұмыс істей бастады. Олардың бірігіп жасаған құрылыс жобалары іске асуда. Сөйтіп, аталмыш академияның әлем деңгейіндегі келбеті қалыптасып келе жатыр. Ал оның басшысы Әбдісағит Тәтіғұлов бүгінгі таңда қазақ сәулет өнерін әлемге таныттырып, оның әлем қауымдастығында елеулі орын алуына атсалысып жүрген бірден бір азаматымыз.

Біз сәулетші өмірін, сәулет әлемін әңгіме етудеміз. Әңгіме арқауы бір азаматымыздың жемісті еңбегі туралы болып отыр. Бірақ, бұдан сәулет өнерінің жолы, сәулетшінің өмірі жеңіл екен деген пікір тумаса керек. Бұл да қиыншылығы мен қайшылығы көп, әрбір жемісі табанды күреспен ғана келетін сала. Шет елден келгендердің осы саланың ұлттық болмысына тигізген теріс әсері де аз емес. Осы мәселе және бұдан басқа да сәулетшілерді қобалжытатын жағдайлар бар. “Жарты ғасырға жуық құрылыстың қақ ортасында жүріп, көпті көрген, көп тәжірибе жинаған маман ретінде мені бүгінгі Қазақстан аумағындағы қалалардың жай-күйі толғантады, алаңдатады. Кеңес кезінде республикада қаншама қалалар салынды десеніңізші: Кентау, Қаратау, Арқалық, Жаңатас, Қапшағай, Жаңаөзен, т.б. Солардың кейбіреуінің (тіпті көбінің) бүгінде мәні де, сәні де кетіп бара жатқаны жанға батады. Арқалықтағы небір сәулім ғимараттар қаңырап бос қалып, құрылыс материалдары ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп жатыр дегенді естігенде төбе шашың тік тұрады. Ал талапайға түсіп жатқан қалалар жалғыз Арқалық емес, басқа өңірлерде де бар. Көз алдымызда қараусыз қалып, азып-тозып бара жатқан сол қалалар Ай мен Күннің аманында сонау ықылым замандарда құм жұтқан қалалардың кебін киюі керек пе?” деп қынжылады Тәтіғұлов.

“Соңғы 10-15 жылда бұрынғы сәулет мекемелері мен ұйымдар тарап кетті. Ондағы тәжірибелі сәулетшілер қазір мол айлық төлейтін “Элитстрой”, “Базис-А”, “Қуат” секілді шетелдіктер қаржыландыратын фирмаларға кеткен. Олар қандай тапсырыс алса соны орындайды. Америкалық па, азиялық па бәрібір. Сондықтан ұлттық сәулет өнеріміздің негізін оқу орындарында қалап, құрылыс компанияларына өзіміз иелік етпей болмайды”, деп еді жақын жылдарда өмірден өткен абзал азаматымыз, сәулетші Қалдыбай Монтақаев. “Қазақстан қалалары бекітілген бас жобалар бойынша салынған. Бірақ бұл жобалар да қатып қалған дүние емес, оған өмір өз керегін енгізіп, түзетулер мен толықтырулар жасалып отырады. Ең бастысы – бұл жұмыстарға дер кезінде мамандардың қатысуын, жобалардың кәсіби біліктілік пен жоғары дәрежеде жасалуын қамтамасыз ету. Жақсы туындылар жасау үшін конкурстар өткізу қажет. Оған тек өзіміз ғана емес, әлемге белгілі шеберлердің қатысуы орынды болар еді. Осы уақытқа дейінгі конкурста бармақ басты, көз қысты мәселелер көп болды. Мұндай жолдың алысқа, жақсылыққа апармайтыны хақ”, дейді сәулетші Шота Уәлихан ағамыз.

Біз қазір құрылысшыларға тәуелдіміз, солардың айтқанын орындайтын топқа айналдық. Бар билікті, төрелікті құрылыс компаниялары мен фирмаларына ғана беріп қоймай, ұлттық құрылыс болашағын сәулетшілерден солармен бірдей талап етсе, әрине, қалаларымыздың кереметтей өзгеріп, көркейері күмәнсіз деген де пікір айтады осы саланың мамандары. Сәулетшілер, құрылысшылар даярлайтын жоғары оқу орындары кәсіби бағдар, білікті білім берумен қатар, этика, эстетика, мәдениет пәндерін де терең оқыту керек деген пікір айтылады. Осы айтылғандардың бәрінің де негізі мен орны бар. Біз егемен елміз, өркениеттің қазіргіден де биіктеріне шығамыз деген ойдамыз. Жақсы үйлер өркениет деңгейінің тағы бір айқын айғағы, ел тұрмысының дәрежесін де көрсететін осылар. Сондықтан істеген істеріміздің сапасы жоғары болуы керек. Салынған ғимараттар, тұрғызылған қалалар жылылығымен ғана емес, сұлулығымен де қуантып жүруі керек. Өйткені, біздің өмірімізді қоршаған орта болғандықтан, олар да жанға жайлы болуы керек. Біздің заманымыздан келесі ұрпақтың еншісіне көшетін жәдігерлер сымбат-сұлулығымен оларды да өскен ортаның одан әрі көркеюіне шақырып тұруы керек.

Осындай жағдайларды нәзік сезімтал сәулетші Әбдісағит Тәтіғұлов өзінің ғылыми еңбектерінде жазып та, әртүрлі мінбелерден айтып та жүр. Тек қана сәулет өнерінде емес, жалпы өмірінде сезімтал, қайырымы мол, қолынан келген жәрдемін ешкімнен аямайтын азамат екендігін тынбай көрсетіп жүр Әбекең. Атамекені Батпаққара еліне (қазіргі Амангелді ауданы), Бозтүбек пен Ханшабылғандағы ескі тарихты тірілтуге жасаған көмегі қаншама. Тарихымыздың дара тұлғалары Иман, Қошқар, Жәуке батырларға қойған ескерткіште елді қуантты. Ғұлама ғалымдар, ардақты ағаларымыз, академиктер Манаш Қозыбаев пен Өмірзақ Сұлтанғазин өмірден өткенде, өзі жобасын жасап, бастарына кесене орнатқан да Тәтіғұлов болатын. Осындай шексіз қайырымдылығымен, жақсыға қошемет көрсетіп, қоршаған ортасының ауыртпалығын басқалармен бірге көтеруге дайын тұратындығымен де Әбекең ел алдында абыройлы.

Әбекең мен Мағрипаның шаңырағынан өскен балапандары Әбуәлі мен Айдар да бүгінде үйлі-баранды азаматтар, әке жолын қуып, сәулет өнерінің білікті мамандары болып қалыптасып келе жатыр. Жоғарыда айтылған биік баға алған төрт томдық энциклопедиялық ғылыми еңбекті жазуға Әбекеңмен қоса осы балалары да қатысты. Оларды өсірген, қазақ қызының барлық жарқын мінезі бойына біткен аналары, Әбекеңнің жұбайы Мағрипа өкінішке орай дүниеден ерте кетті.

Ал шаңырақ иесі Әбекең бүгін жетпісте. Артында табысты жылдар қалды. Қаламыздың келбетін келістірген дарынды азаматымыз деп онымен елі мақтанады. Қазақ сәулет өнерінің бәйге-торысы һәм Құлагері дейді оны жұрт. Ерен еңбегіне сай осы атақтар оған жарасып-ақ тұр. Алдағы өмірінде де солай болғай!

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик.
<https://egemen.kz/article/sauletshi>